

Ресми рецензент Уайсова Гүлнар Инаматовнаның
 6D010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру
 бағдарламасы бойынша (Ph.D) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
 Өмірзақова Әсел Махамбетқызының «Болашақ бастауыш сынып
 мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың
 педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау сапасын жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында орындалған. Зерттеу мазмұны шағын жинақты мектеп жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздерін дамытуға бағытталған мемлекеттік білім беру басымдықтарымен сабақтас келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға бағытталған нормативтік құжаттары аясындағы міндеттерге сәйкес орындалған.</p>

		3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы педагогикалық білім беруді жаңғырту, ауылдық және шағын жинақты мектептер үшін бәсекеге қабілетті педагог мамандар даярлау мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастыруымен ерекшеленеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертациялық жұмыс ғылымға <i>елеулі үлес қосады</i> , себебі зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесі қазіргі педагогикалық білім берудің маңызды ғылыми бағыттарының бірі ретінде кешенді қарастырылған. Автор педагогикалық даярлықтың мазмұнын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеп қана қоймай, шағын жинақты мектеп жағдайындағы кәсіби қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынған. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы педагогикалық білім беру теориясын шағын жинақты мектеп жағдайында маман даярлау мәселесімен толықтыруынан, «оқу-әдістемелік жұмысқа даярлық» ұғымының мазмұнын нақтылауынан және осы бағыттағы педагогикалық шарттарды ғылыми негіздеуінен көрінеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіби даярлық мазмұнын жетілдіруге, білім беру бағдарламаларын жаңартуға және ауылдық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға ғылыми негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі <i>жоғары</i> , себебі диссертациялық зерттеуде автор болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесін өз бетінше ғылыми тұрғыдан талдап, теориялық қорытындылар мен тәжірибелік нәтижелерді жүйелі түрде <i>негіздеген</i> . Диссертация мазмұны

			зерттеу логикасының бірізділігімен, ғылыми пайымдаулардың нақтылығымен және автордың өзіндік ой тұжырымдарының болуымен ерекшеленеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептерде оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға даярлау мәселесінің ғылыми түрде толық зерттелмегендігін дәлелдеуімен, жоғары оқу орындарында білім алушыларды ШЖМ жағдайында кәсіби қызметке бейімдеуге деген қажеттілік пен осыны жүзеге асырудағы теориялық және практикалық негіздердің арасындағы қарама-қайшылықтарды айқындауымен <u>негізделген</u> .
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық <u>айқындайды</u> , өйткені диссертация мазмұны тұтастай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесін теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік тұрғыдан ашуға бағытталған. Зерттеу бөлімдерінің мазмұны диссертация тақырыбымен өзара логикалық байланыста берілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <u>сәйкес келеді</u> . Зерттеу міндеттері қойылған мақсатқа сәйкес жүйелі түрде құрылған және диссертация мазмұнында дәйекті түрде жүзеге асырылған: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындап, құрылымдық моделін жасаған және бұларды тәжірибелік-эксперименттен өткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеу жұмысының бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен логикалық жағынан <u>толық байланысқан</u> , диссертацияның барлық құрылымдық бөлімдері зерттеу логикасына сәйкес жүйелі түрде құрылған. Теориялық бөлімде қарастырылған ғылыми-әдіснамалық негіздер мен ұғымдық аппарат тәжірибелік бөлімде жалғасын тауып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің

			оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуге негіз болған. Сонымен қатар зерттеудің мақсаты, міндеттері, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылған қағидалары мен қорытындылары өзара сабақтастықта беріліп, диссертация мазмұнының ішкі бірлігін қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың шарттары мен теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауы, болашақ мұғалімдерді ШЖМ-ң оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуы және оны іске асыру жолдарын көрсетуі) сандық, сапалық және <i>сыни талдау</i> арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторант Ә.М.Өмірзақованың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен ережелері <i>толығымен жаңа</i> болып табылады, себебі диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары ғылыми тұрғыдан алғаш рет жүйеленіп, олардың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. Сонымен қатар зерттеуде шағын жинақты мектеп жағдайындағы оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың мазмұны нақтыланып, практикаға бағытталған даярлау жүйесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген.

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, себебі диссертация қорытындыларында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделіп, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен дәлелденген. Автор ұсынған қорытындылар педагогикалық жоғары білім беру жүйесінде шағын жинақты мектепке маман даярлау мазмұнын жетілдіруге бағытталған жаңа ғылыми тұжырымдарды қамтиды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p><i>Толығымен жаңа</i>, себебі диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауға арналған педагогикалық және технологиялық шешімдер ұсынылған. Атап айтқанда, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, тәлімгерлік ортаны ұйымдастыру, практикаға бағытталған элективті курстар мен әдістемелік камтамасыз ету жүйесі әзірленіп, олардың тиімділігі педагогикалық эксперимент нәтижелерімен <i>негізделген</i>.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделген</i>, себебі зерттеу барысында теориялық талдау, педагогикалық бақылау, сауалнама, диагностикалық әдістемелер және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар кешенді түрде жүргізілген. Зерттеу нәтижелері математикалық-статистикалық өңдеу арқылы дәлелденіп, ұсынылған педагогикалық шарттар мен құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігі эксперименттік деректер негізінде расталған.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	<p>Әрбір қағида бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға төрт қағида ұсынылған: 1) Болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау – жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық үдерісінде жүзеге асатын, білім алушылардың шағын жинақты мектеп жағдайында оқу-тәрбие үдерісін жобалау, ұйымдастыру және педагогикалық нәтижелерді бағалау құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі кәсіби даярлық жүйе екендігі <i>дәлелденген, тривиалды емес</i>, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <i>кең</i> және бұл – «Жаңартылған білім беру жағдайында шағын жинақты мектеп мұғалімдерін даярлау» (Торайғыров университетінің Хабаршысы.- Педагогика сериясы. – Павлодар, 2021. - №1. -114-124 б.) атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>2) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауды практикаға бағытталған оқыту, педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, пәнаралық байланыс, әдістемелік сүйемелдеу және педагогикалық практиканы кіріктіру негізінде ұйымдастыру кәсіби-әдістемелік даярлықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіндігі <i>дәлелденген</i> және негізделген, <i>тривиалды емес, жаңа</i>, алдағы уақытта қолданылу деңгейі <i>кең</i> және «The impact of innovative approaches on prospective primary teachers' quality of education: An exploration of practice», (Journal of Infrastructure, Policy and Development 2024, 8(15), 9248. https://doi.org/10.24294/jipd9248) мақаласында <i>дәлелденген</i>.</p> <p>3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-әдістемелік және әрекеттік-рефлексивтік компоненттердің өзара бірлігінде қарастырылғандығы <i>негізделген</i>, оларға сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесі <i>анықталған, тривиалды емес</i>, болашақ мамандарды</p>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда қағиданың тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда қағиданың жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) бұл тұжырымда қағиданың қолдану деңгейін тексеру</p>	

		мүмкін емес.	ШЖМ жағдайында жұмыс істеуге даярлауда қолданылу деңгейі <i>кең</i> . Бұл «Шағын жинақты мектептердің болашақ мұғалімдерін даярлау және педагогикалық процесс компоненттерінің ерекшеліктері» (Торайғыров университетінің Хабаршысы.- Педагогикалық сериясы. – Павлодар, 2022. - №2 . - Б. 350-362.), «Қазақстандағы шағын жинақты мектептер дамуының әдіснамалық негіздері» (Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии: V Международная научно-практическая конференция. - Анкаре (Турция). - 6-8 мая. -2020 г. 315-320 стр.) мақалаларында <i>дәлелденген</i> .
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі», «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдары, «Шағын жинақты мектепте оқыту теориясы мен технологиясы» элективті курсы, көпдеңгейлі күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен әдістемелік ұсынымдармен қамтамасыз етілген <i>тривиалды емес, жаңа</i> және ауқымы <i>кең</i> , аталған оқу құралдары мен «Болашақ педагог мамандарды шағын жинақты мектепке даярлау», (Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2019. - №12(1). -226-230б.) атты мақаласында <i>дәлелденген</i> .
8.	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Докторант Ә.М.Өмірзақованың диссертациялық жұмысындағы материалдар дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеудің теориялық негізі тұлға теориясы, таным және іс-әрекет теориясы; ал әдістемелік негізі жүйелік-мазмұндық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, интерактивті тұғырлар негізінде <i>нақты жазылған</i> . Сонымен қатар зерттеу әдістері, педагогикалық эксперименттің кезеңдері мен мәліметтерді өңдеу тәсілдері жүйелі түрде сипатталған.

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу нәтижелерін өңдеу мен талдау барысында заманауи компьютерлік технологиялар мен статистикалық өңдеу әдістері қолданылған. Автор эксперименттік мәліметтердің сенімділігін анықтау үшін SPSS бағдарламасын пайдаланып, сандық деректерге математикалық-статистикалық интерпретация жасаған. Зерттеу нәтижелері статистикалық талдау арқылы нақтыланып, ғылыми тұрғыдан дәйектелген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар, педагогикалық шарттар мен құрылымдық-мазмұндық модель тәжірибелік-педагогикалық эксперимент арқылы тексеріліп, олардың тиімділігі нақты нәтижелермен дәлелденген.</p> <p>Тәжірибеге қатысқан студенттер саны – 210, оның ішінде эксперименттік топта - 98, бақылау тобында - 112 студент. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p> <p>Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық деңгейі экспериментке дейін және кейін салыстырмалы түрде талданып, ғылыми негізділігі расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертацияда зерттеу тақырыбына қатысты келтірілген негізгі ғылыми тұжырымдар мен теориялық пайымдаулар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына, халықаралық ғылыми жарияланымдарға және педагогикалық зерттеулерге жасалған сілтемелер арқылы негізделген. Автор зерттеу мәселесіне қатысты сенімді ғылыми әдебиеттерді кеңінен пайдаланып, оларды салыстырмалы</p>

			және сыни тұрғыдан талдаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткілік сіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <i>жеткілікті</i> . Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 199 әдебиетті құрайды. Әдеби шолу зерттеу мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін ашуға толық мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы <i>бар</i> : - диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленіп, «шағын жинақты мектеп», «шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық» ұғымдарының ғылыми мазмұны нақтыланған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары анықталған; - болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталған. Зерттеу нәтижелері педагогикалық білім беру теориясын толықтырып, шағын жинақты мектеп жағдайында маман даярлау мәселесінің ғылыми негіздерін жетілдіруге үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның <i>практикалық маңыздылығы бар</i> : «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі» және «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдары, элективті курстар, әдістемелік ұсынымдар мен жұмыс бағдарламалары әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілген. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында, педагогикалық практика үдерісінде және шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға мүмкіндік бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа	

		<p>ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар:</p> <p>1. ШЖМ ерекшеліктеріне бейімделген элективті курстарды ЖОО оқу бағдарламасына енгізілсе деген ұсынысы <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>2. ШЖМ жағдайына бағытталған арнайы әдістемелік құралдар мен цифрлық ресурстар әзірленсе және оқу процесінде кеңінен пайдаланылса деген ұсынысы да <i>толықтай жаңа</i>.</p> <p>3. ШЖМ жағдайында жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау бойынша жаңа ғылыми бағыттар (көптілді білім беру, инклюзивті оқыту, цифрлық педагогика және т. б.) дамытылса деген ұсынысы да <i>жаңа</i>.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i>. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертация жұмысы ғылыми талаптарға сәйкес орындалған. Дегенмен зерттеу жұмысы бойынша келесідей ескерту жасалады:</p> <p>1. Теориялық-әдіснамалық бөлімде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдаулар жасалған. Алайда кейбір авторлардың анықтамаларына диссертанттың өзіндік пікірі көрсетілмеген, егер докторант өзіндік ой-тұжырымын толық білдірсе, ғылыми жұмыстың маңыздылығы бұдан да жоғары болар еді.</p> <p>2. Тәжірибелік бөлімде шағын диссертант өз тарапынан ұсынған элективті курс мазмұнын толық ашып көрсету жұмыстың практикалық маңызын арттыра түсер еді.</p> <p>3. Сонымен қатар кейбір пунктуациялық және техникалық қателер кездеседі (10, 109, 110 б). Алайда бұл ескертулер диссертацияның жалпы ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		<p>Докторант мақалаларының <i>ғылыми деңгейі жоғары</i> деп бағаланады, себебі зерттеу нәтижелері Scopus халықаралық деректер базасына енетін рецензияланатын ғылыми журналдарда, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған. Жарияланған мақалалар мазмұны</p>

		диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесінің теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар мақалаларда автор ұсынған педагогикалық шарттар мен құрылымдық модельдің нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген.
13	Ресми рецензенттің шешімі	Өмірзақова Әсел Махамбетқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертацияға қойған талаптарына толығымен сәйкес келеді және оның авторы «6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін дәрежесін алуға лайық деп санап, осының негізінде <i>философия докторы (PhD) дәрежесін беру керек</i> деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



СТАЛМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ **Г.И. Уайсова** РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им. Абая»
КОЛЫ
ПОДПИСЬ _____